

«Балдзурен» бөбекжайы - балабақшасының
менгерушісі



**«Қысқы орманға саяхат» тақырыбында психолог және
тіл маманының аралас іс-шара жоспары**

ҚС	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты адам
1	«Қысқы орманға саяхат» залды безендіру	Қысқы орман табиғатына ойша саяхат жасай отырып, бейнелі дыбыстар арқылы қыс табиғатын елестету қиялдарын дамыту.	07.02.2022	Психолог Ходжакулова Р. У, тіл маманы Сейткасимова А.Т
2	«Қысқы орман» тақырыбында бейне ролик көрсету.	Балаларға ормандағы аңдардың тіршілігі мен олардың қысқа бейімделуі туралы түсінік беру. Сөздік қорларын молайта отырып, тілдерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту.	08.02.2022	Психолог Ходжакулова Р. У, тіл маманы Сейткасимова А.Т
3	«Орманға саяхат» тренинг жүргізу. (балабақша қызметкерлер арасында)	Ұжым арасында ынтымақтастық орнату, қызметкерлер арасында тәрбие және жақсы көзқарас қалыптастыру. Бір-бірі мен жақсы қарым-қатынас жасауға ықпал ету. Қыс қызығын сезіндіру.	09.02.2022	Психолог Ходжакулова Р. У, тіл маманы Сейткасимова А.Т
4	«Орманға саяхат» ғажайып сәт	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін ажырата білу. Ойын арқылы балалардың ойлау қабілетін дамыту.	10.02.2022	Психолог Ходжакулова Р. У, тіл маманы Сейткасимова А.Т
5	Қорытынды		11.02.2022	

Дайындаған: психолог Ходжакулова Р. У

Тіл маманы: Сейткасимова А. Т

Тақырыбы: "Қысқы орманға саяхат".

Мақсаты:

а) білімділік: Балаларға ойын барысында өз қабілетін көрсетуге мүмкіндік беру. Қыс, қысқы орман және ормандағы аңдар жайында білімдерін байыту.

ә) тәрбиелілік: Бір-біріне көмек беру сезімдерін тәрбиелеу. Қызығушылық белсенділігін ояту.

б) дамытушылық: Музыка ырғағын сезінуін, мәтін мазмұнына сай қимылдауын, шапшаңдықты, тепе-теңдікті, кеңістікті бағдарлай алуын қалыптастыру.

Құрал-жабдық: қарлар, әр балаға қар, себет.

Балалар саппен залға кіреді.

--Балалар, бүгінгі сабағымыз ерекше болғалы тұр. Себебі бізге қонақтар келіп отыр.

--Алдымен қонақтармен амандасып алайық.

-Сәлеметсізбе.

-- Балалар, қазір қай мезгіл?

-қыс.

--Сендерге қыс ұнай ма?

-иә.

--Несімен ұнайды?

-қармен ойнаймыз.

--Бүгінгі өтетін тақырыбымыз "Қысқы орманға саяхат" д.а.

--Орманда қар көп, орманға барғыларың келе ме?

-иә.

--Ендеше, қоныңдар атқа, кеттік орманға.

--Аппақ, аппақ, қар аппақ,

Айналаның бәрі аппақ.

--Балалар, қысқы орман қатты салқын екен, тоңдыңдар ма?

-иә.

--Аздап жылынып алайық.

Қолымызға қарды алайық,

дөңгеленіп тұра қалайық.

Қарларменен айналып,

би билейміз шаттанып

Би жаттығуы "Қарлар".

1. Қарды төмен ұстап, үлкен шеңберде тұзу тұру. 1-қарды жоғары көтеріп, оң аяқпен шеңберді кішірейту. 2-бастапқы қалып, 3-қарды жоғары көтеріп, сол аяқпен шеңберді кішірейту, 4- б. қ. оралу.

2. Б.к. 1-қарларды жоғары көтеру. 2-тізені бүге отырып, қар еденде, 3-қарларды жоғары көтеру, 4-б.к.

3. Аяқ алшақ, қарлар қолмен төменде. 1-қарлардыды бастан жоғары көтеру, 2,3- аяқтан-аяққа тербелу, 4-б.к.

4. Қарды арқаға жасырып, түзу тұру. Кезекпен жанынан жоғары көтеру.

5. Қарды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен орнында айналып, қарды еденге қою.

Жұмбақ.

Ағаш қуысын мекендейді,

түсі қызғылт-сары аң.

Ағаштан-ағашқа секіреді,

жаңғақпенен қоректенеді.

Тиін келеді:

--Сәлеметсіңдер ме, балалар. Сендерменен ойнасам бола ма?

"Қарлар" ойыны.

Тиін:

--Мен қарларды жоғары лақтырамын,

қарлар алысқа ұшады,

балалар қарды жинап

себетіме әкеліп салады.

(ойын 2-3 рет қайталанады).

Жұмбақ

Үлгілдеген аппақ,

құлағы ұзын қорқақ.

жүгіреді, секіреді,

сәбізді жақсы көреді.

Қоян келеді:

Сәлеметсіңдер ме, балалар, көңілді дауыстарың естіліп жатыр.

Сендермен ойнасам бола ма?(қоян дірілдеп тоңып тұрады)

--Қоян әбден тоңып қалыпты ,балалар. Қоянмен ойнайық. Сосын ол жылынады.

Ойын "Ақ қоян отыр"

Ақ қоян құлақтарын қимылдатады

міне былай, міне былай,

құлақтарын қимылдатады.

қоян отырамын деп тонды,

алақандарын жылыту керек.

міне былай, міне былай,

алақандарын жылытады.

қоян түрегеп тұрамын деп тонды,

қоян секіруі керек.

міне былай, міне былай,

қоян секіруі керек.

(ойын 2-3 рет қайталанады)

Аю: р-р-р.

Мені ұйқымнан оятып, шулап жатқан кімдер екен?

—Сен, аю, балаларға ашуланба, кел, одан да бірге ойнайық.

Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Менің ойнағым келіп тұрған жоқ, одан да мен жатып ұйықтайын.

(Ұйқыға жатады)

Ойын "Аюды оятайық"

—Балалар, аяғымызбен тарсылдатайық.

аюды ұйқысынан оятайық.

Аю оянады да, балаларды қуады(ойын 2-3 рет қайталанады).

—Ой, балалар, қарандар!

жауып жатыр ұлпа қар.

ауада айналып қалықтап,

жерге түседі ақырындап.

(қағаз қарларды лақтыру)

Тынысты реттеу ойын жаттығуы "Ұлпа қарлар"(жерге түскен қағаз қарларды үрлеп ұшырады)

—Балалар, аю қыста қатты ұйқыға кетеді. Ал біз оны оятып жібердік.

Аюдың қатты ұйқыға кетуіне көмектесейік. Ол үшін жатып дем алайық.

—Балалар, орманда болған ұнады ма?

-иә.

—Орманда кімдермен кездестік?

-тиін, қоян, аю.

—Жарайсыңдар, балалар, орманда қызық болды, бірақ үйге қайтуымыз керек. Немен қайтамыз?

-поезбен қайтайық.

— Қане, вагондарым жалғаныңдар.

—Ашық оқу қызметіміз аяқталды. Қонақтармен қоштасайық.

Күтілетін нәтиже:

Орындайды: қимыл-қозғалыс жаттығуларын.

Түсінеді: жаттығулардың маңызын.

Қолданады: қимыл-қозғалыс кезінде шапшаңдық пен мұқияттылықты.

Бекітемін
«Балдардың бағдарламасының»

Менгерушісі

Асият Жаппасбаева Г

« 02 » « 02 » 2022 жыл

Тақырыбы: «Орманға саяхат»тренинг

Психолог: Р.Ходжакулова

Тіл маманы: А.Сейткасымова

2021-2022 оқу жылы

Тақырып: «Орманға саяхат»

Мақсаты: Ұжым арасында ынтымақтастықты орнату, қызметкерлер арасында тәрбие және жақсы көзқарас қалыптастыру. Бір-бірімен жақсы қарым-қатынас жасауға ықпал ету. Қыс қызығын сезіндіру.

Міндеттері: . Білімділік: табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап қамқорлық жасауға үйрету -адамның бойындағы сүйіспеншілік, қамқорлық қасиеттерін дамыту. -айнала қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарап, қамқор болуға тәрбиелеу. Сабақ барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі. 5 «Т» ұстанымын еске түсіру. 1. Тәртіп 2. Талап 3. Тыныштық 4. Тазалық 5. Татулық	Ресурстар: (құралдар, мәліметтер) 5-Т орындау
Тыныштық сәті: «Орманға саяхат» Психолог: Арқанызды тік ұстап отырыңыз. Көзіңізді жұмып, терең тыныс алыңыз. Әрбір тыныс алған сайын неғұрлым көбірек босансып, сабырлы болуға тырысыңыз. Қазір біз орманға серуенге шығамыз. Өзіңіздің сынып есігіне қарай беттеп, есікті ашқаныңызды, дәлізбен өтіп, далаға шыққаныңызды елестетіңіз. Таза ауаны жұтып, шашыңызды желбіреткен желді және бетіңізді сәл-пәл қыздырған күн сәулесін сезініңіз. Орманға қарай жүре бастаңыз. Келе жатқанда абай болыңыз, жәндіктерді басып кетпеңіз. Бір минут тоқтап айналаға көз салыңыз. Табиғаттың әсемдігі мен балғындығын сезініңіз. Гүлдердің біріне жақындап, еңкейіп, оның нәзіктігі мен жұкалығына зейін салыңыз. Оны иіскеніз және хош иісін жұтыңыз. Айналадағы бар нәрсені бақылап, ары қарай жүре беріңіз. Гүлдер, гүлдер мен ағаштардың иісі, құстардың дауысы және жәндіктердің ызыны. Орманға еңдей түсіңіз, қараңызшы, ағаштар биіктей әрі қалыңдай түсті. Жарық пен көлеңкенің ойынын қызықтаңыз, жапырақтардың сыбдырын тыңдаңыз. Біз өзімізді орманда бақытты әрі қауіпсіз сезінеміз. Алаңқайға шығып, осында бірнеше минут демалыңыз. Түбіне барып отырғыңыз келетін ағашты таңдаңыз. Ағашқа жақынданыз да оны дінінен құшақтаңыз. Оның қуаттылығын сезініңіз, ондағы өмір	Тыныштық сәтінде музыка қосылған бетте орындау. Тыныштық сәтін көздерін жұмып, қолдарын тізелеріне қойып, еркін отыру,

қуатын сезінуге және ұғынуға тырысыңыз. Енді оның дініне арқаңызды сүйеп отырыңыз. Көзіңізді жұмыңыз, терең тыныс алыңыз және қоршаған айналаны жым-жырт тыныштығына көңіл бөліңіз. Бізге қалайша жеңіл әрі тыныш және бақытты сезіну қандай. Табиғат неткен гажап, оны қалайша сүйетінімізді бен қадірлейтінімізді, бірде бір тірі жәндікке зиян тигізбес үшін қамқорлық жасауды түсінеміз. Сіздің өз ағашыңыз бар екенін және кез келген уақытта оған келе алатыныңызды есте ұстаңыз. Ал қазір мектепке қайтуға дайындалыңыз. Орныңыздан тұрып, айналаға тағы бір көз қырын салыңыз. Келген жолыңызбен кері қайтыңыз, жолыңыздағы жәндіктерді басып кетпеніз. Міне, мектептің алдына да келдік. Айналаңызға тағы бір қараңыз, таза ауаны терең жұтыңыз, есікті ашып, өз орныңызға қайтып келіңіз. Осы жым-жырттық, тыныштық, қанағат сезімін өзіңізде сақтаңыз. Көзіңізді ашып, күлімсіреніз!

Бөлігі
«Балдәурен» балалық бекетінің

Менгерушісі

 Жаппасова Г.

« 06 » 02 2022 жыл



Тақырыбы: «Қысқы орманға саяхат» спорттық жарыс

Психолог: Р.Ходжакулова

Тіл маманы: А.Сейткасымова

2021-20222 оқу жылы

Тақырыбы: «Қысқы орманға саяхат».

Мақсаты: Спорттық эстафеталық жарыстарға деген қызығушылықты арттыру. Спортқа деген сүйіспеншіліктерін нығайту. Ептілікке, шапшаңдыққа жаттықтыру. Көрінекілігі: Доптар, себеттер, үлкен және кіші кедергілер, шар, шар жарғыш, шана, ворота, шайбы, шайбы таяқшалары.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Жүргізуші: Салауаттық өмір салтын қолдаймыз, Жамандықтан жанымызды қорғаймыз. Денсаулықты жанымызға серік қып, Болашаққа аманат қып жолдаймыз!-дей келе ортаға қатысушы командаларды шақырамыз.

1. «Қыран» тобын шақырамыз. Ұраны: Қыран тобы алға

Биіктерге самға

Ешқашанда қалма

Жарыстарда алда

2. «Жүйрік» тобын шақырамыз. Ұраны: Топты бастап жүретін,

Жүйріктеріміз біз алда

Жеңісті қолдан бермейтін

Жүйріктеріміз біз мықты.

Жүргізуші: Бүгінгі біздің сайысымыздың тақырыбы: «Қысқы ойындар». Балалар, сендер қандай қысқы ойындарды білесіңдер? (кар атыспак, шанамен ойнау, коньки, шаңғы)

1. Балаларға жаттығу жасату

2. Алау эстафета

3. Шаңғы тебу

4. Қар жинау

Жүргізуші: Бүгінгі сайысымызды бастамас бұрын тәрбиешімізбен бірге бой сергіту жаттығуларын жасап, денемізді шынықтырып алайық. 1. Басқа арналған жаттығу 2. Мойынға арналған жаттығу 3. Иыққа арналған жаттығу 4. Қолға арналған жаттығу 5. Белге арналған жаттығу 6. Жалпы дене жаттығуы 7. Аяққа арналған жаттығу 8. Дем шығару жаттығуы

III. Негізгі бөлім.

Бүгінгі сайысымыздың ойындарымен таныс болайық

1. «Қар атыспақ» ойыны. Шарты: Ойыншылар допты ұстап кедергілер арасымен жүгіріп, белгіленген межеге жеткенде допты себетке дәлдеп салып, кедергілер арасымен жүгіріп келеді. Ойын ары қарай жалғасады, қай топ бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді.

2. «Алау эстафета» ойыны. Шарты: Ойыншылар самокатпен кедергілер арасымен жүріп, белгіленген межеге жеткенде туын алып қайта кедергілер арасымен жүріп қайта келеді. Ойын ары қарай жалғасады, қай топ бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді.

3. «Шаңғы тебу» ойыны. Шарты: Ойыншылар кедергілер арасымен алауды ұстап жүгіріп, келесі адамға алауды беру керек. Ойын ары қарай жалғасады.

4. «Қар жинау» ойыны. Шарты: Сайысқа қатысушылар ортадағы кедергілерден өтіп, белгілі бір межеге жетіп қолдарындағы қарды себетке салу керек. Ойын ары қарай жалғасады, қай топ бірінші аяқтаса сол топ жеңіске жетеді.

6. Негізгі қимыл-қозғалыс ойыны: «Мысық пен тышқан»

IV. Қорытынды. Осымен біздің сайысымыз өз мәресіне жетті.